

Қарыз алушыларға микрокредит келісімшартының талаптарын өзгерту жөніндегі нұсқаулық

Егер қарыз алушы жеке тұлға болса, онда «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-2-бабының 2-тармағына сәйкес, ол микрокредит беру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде микроқаржы ұйымына жүгінуге және жазбаша нысанда, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы (оның ішінде «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген идентификациялау құралдарын пайдалану арқылы) немесе Шартта белгіленген өзге тәсілмен өтініш ұсынуға құқылы. Бұл өтініште міндеттемені орындауды кешіктірудің себептері, қарыз алушының кірістері және Шартқа өзгерістер енгізу қажеттілігін негіздейтін өзге де расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтер қамтылуы тиіс.

Микроқаржы ұйымы қарыз алушы-жеке тұлғаның Заңның 9-2-бабының 2-тармағында көзделген өтінішін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Шартқа енгізуді ұсынылған талаптарды қарайды және қарыз алушы-жеке тұлғаны жазбаша нысанда, ақпараттандыру объектілері арқылы не Шартта көрсетілген өзге тәсілмен хабардар етеді:

1. Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні туралы;
2. Шарттың талаптарын өзгерту бойынша өзінің баламалы ұсыныстары туралы;
3. Шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту туралы, бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып.

Қарыз алушы-жеке тұлға микроқаржы ұйымының Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген жағдайда күнтізбелік отыз күн ішінде микроқаржы ұйымын бір мезгілде хабардар ете отырып, микроқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы

Егер қарыз алушы микроқаржы ұйымының Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде мерзімі өткен берешекті) енгізу қажеттілігі туралы талабын қанағаттандырмаса, не қарыз алушы-жеке тұлға Заңның 9-2-бабының 2-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаса, не қарыз алушы-жеке тұлға мен микроқаржы ұйымы Шарт талаптарын өзгерту жөнінде келісімге келмесе, микроқаржы ұйымы Заңның 9-2-бабының 5-тармағына сәйкес қарыз алушыға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Шартта көзделген шараларды қолдануға құқылы. Бұл шараларға, атап айтқанда, мыналар жатады:

- берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беру (егер Шартта микроқаржы ұйымының мұндай құқығы болса);
- Шарт бойынша құқықты (талап етуді) Заңның 9-1-бабында көрсетілген тұлғаға беру;
- Шарт бойынша берешек сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап арызбен жүгіну;
- «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілге салынған мүлікті соттан тыс немесе сот тәртібімен өндіріп алу.

Микроқаржы ұйымы мынадай жағдайларда қарыз алушы-жеке тұлғаның Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініші бойынша кемінде үш ай мерзімге ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім қабылдауға міндетті:

- 1) егер қарыз алушы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жатса;
- 2) егер қарыз алушы төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен болса (Заңның 9-2-бабының 1-1) және/немесе 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда).

Бұл ретте Заңның 9-2-бабының 3-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген қарыз алушы-жеке тұлғамен жасалған Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім мынадай шарт орындалған жағдайда қабылданады: қарыз алушы өтініш берген айдың алдындағы екі ай үшін есептелген орташа айлық табысы, қарыз алушы өтініш берген немесе атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған айдың алдындағы он екі ай үшін есептелген орташа айлық табысымен салыстырғанда отыз пайыздан астам төмендеген болуы тиіс.

Инструкция для заемщиков по изменению условий микрокредитного договора

Если заемщик является физическим лицом, он вправе в течение тридцати календарных дней с даты возникновения просрочки исполнения обязательства по договору о предоставлении микрокредита (далее – Договор) обратиться в микрофинансовую организацию одним из следующих способов:

- лично посетив организацию;
- подав письменное заявление;
- направив заявление через объекты информатизации, позволяющие микрофинансовой организации идентифицировать заемщика с использованием средств идентификации, предусмотренных Законом Республики Казахстан «О платежах и платежных системах»;
- иным способом, предусмотренным Договором.

Указанное заявление должно содержать сведения о причинах возникновения просрочки, доходах заемщика, а также другие подтвержденные обстоятельства (факты), обосновывающие необходимость внесения изменений в условия Договора. Данное право предусмотрено пунктом 2 статьи 9-2 Закона Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности» (далее – Закон).

Микрофинансовая организация в течение пятнадцати календарных дней после получения заявления заемщика-физического лица рассматривает предложенные им изменения в условия Договора и в письменной форме, через объекты информатизации либо способом, предусмотренным Договором, уведомляет заемщика об одном из следующих решений:

- 1) о согласии с предложенными изменениями;
- 2) о встречных предложениях по изменению условий Договора;
- 3) об отказе в изменении условий Договора с указанием мотивированного обоснования причин такого отказа.

Заемщик-физическое лицо вправе обратиться к микрофинансовому омбудсману (с одновременным уведомлением микрофинансовой организации):

- в течение пятнадцати календарных дней с даты получения решения об отказе в изменении условий Договора;
- либо в течение тридцати календарных дней, если сторонами не достигнуто взаимоприемлемое решение по изменению условий Договора.

В случаях, если:

- заемщик не удовлетворил требование микрофинансовой организации о внесении платежей по Договору (в том числе просроченной задолженности);
- заемщик-физическое лицо не реализовал права, предусмотренные пунктом 2 статьи 9-2 Закона;

- либо между заемщиком-физическим лицом и микрофинансовой организацией отсутствует согласие по изменению условий Договора, —

микрофинансовая организация в соответствии с пунктом 5 статьи 9-2 Закона вправе применить к заемщику меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и (или) Договором. К таким мерам относятся (включая, но не ограничиваясь):

- передача задолженности на досудебное взыскание и урегулирование коллекторскому агентству (если такое право микрофинансовой организации предусмотрено Договором);

- уступка права (требования) по Договору лицу, указанному в статье 9-1 Закона;

- обращение в суд с иском о взыскании суммы долга по Договору;

- обращение взыскания на заложенное имущество во внесудебном порядке (за исключением случаев, предусмотренных Законом Республики Казахстан «Об ипотеке недвижимого имущества») либо в судебном порядке.

Микрофинансовая организация принимает решение о согласии с предложенными изменениями в условия Договора на срок не менее трех месяцев в случае, если заявление о внесении изменений подано заемщиком-физическим лицом:

1) относящимся к социально уязвимым слоям населения в соответствии с Законом Республики Казахстан «О жилищных отношениях»;

2) пострадавшим в результате обстоятельств, послуживших основанием для введения чрезвычайного положения (подпункты 1-1) и 2) пункта 2 статьи 9-2 Закона).

При этом решение о согласии с предложенными изменениями по Договору, заключенному с заемщиком-физическим лицом, указанным в подпункте 1) части второй пункта 3 статьи 9-2 Закона, принимается только при условии, что среднемесячный доход заемщика, рассчитанный за два месяца, предшествующие месяцу обращения, снизился более чем на тридцать процентов по сравнению со среднемесячным доходом, рассчитанным за двенадцать месяцев, предшествующих месяцу обращения заемщика с заявлением либо месяцу назначения адресной социальной помощи.